



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеу туралы

2023 жылғы 24 ақпан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 799 Қаулысымен бекітілген Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеуді өткізу қағидаларына, аккредиттеудің күшін жою негіздері мен тәртібіне (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жанындағы Сараптама кеңесіне қатысу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктеріне аккредиттеу жүргізу туралы хабарлайды.

Аккредиттеуді алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) Салыстыру үшін түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда, құрылтай құжаттарының және заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктердің) мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 3) Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін көрсете отырып, бірлестік мүшелерінің тізімі.

Аккредиттеуді алу үшін құжаттар пакеті 2023 жылғы 10 наурызға (қоса алғанда) дейінгі мерзімде қабылданады.